

Аттестациядан өтуге тиіс мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді тестілеу ережесін, программасын бекіту және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2005 жылғы 19 мамырдағы N 02-01-02/65 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 30 мамырда тіркелді. Тіркеу N 3654. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2008 жылғы 21 қаңтардағы N 02-01-02/11 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2008.01.21. N 02-01-02/11 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестациядан өткізу ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 327, "Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі туралы" 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1567 Жарлықтарына және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген N 2697, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына Типтік біліктілік талаптарын бекіту туралы" 2004 жылғы 23 қаңтардағы N 02-01-02/9 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1 . М ы н а л а р :

1) Аттестациядан өтуге тиіс мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді тестілеуден өткізу ережесі (1-қосымша);

2) Аттестациядан өтуге тиіс мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді тестілеу программасы (2-қосымша) бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Ақпарат және сынақ орталығы" мемлекеттік мекемесі аттестациядан өтуге тиіс мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің компьютерлік тестіленуі үшін программалық қамтамасыз етуді әзірлесін. Осы программалық қамтамасыз ету облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының тестілеу орталықтарында орнатылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар

е н г і з і л с і н :

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 02-01-02/60 "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және аттестациядан өтуге тиісті болған әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді тестілеуді өткізу нұсқау, тестілеу программалары және тестілеу нәтижесінің шекаралық мәнін бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2291 тіркелген, 2003 жылғы 23 мамырдағы N 123-124 "Егемен Қазақстан" және 2003 жылғы 23 мамырдағы N 150-151 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының N 2413 тіркелген, 2003 жылғы 15 шілдедегі N 02-01-04/25 - 2003 жылғы 2 тамызда N 222-223 "Егемен Қазақстан", 2003 жылғы 2 тамызда N 197 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған; N 2709 тіркелген, 2004 жылғы 13 ақпандағы N 02-01-02/17 - 2004 жылғы 25 ақпанда N 15 "Заң газеті", 2004 жылғы 25 ақпанда N 15 "Юридическая газета", газеттерінде жарияланған; N 2827 тіркелген, 2004 жылғы 19 сәуірдегі N 02-01-02/42 - 2004 жылғы 14 мамырда N 38 "Заң газеті", 2004 жылғы 14 мамырда N 38 "Юридическая газета" газеттерінде жарияланған; N 3595 тіркелген, 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 02-01-02/42; N 3624 тіркелген, 2005 жылғы 5 мамырдағы N 02-01-02/59 - 2005 жылғы 11 мамырдағы N 100-101 "Егемен Қазақстан", 2005 жылғы 11 мамырдағы N 116-117 "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған бұйрықтармен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген):

т а қ ы р ы п т а ғ ы :

"нұсқау" деген сөз "ереже" деген сөзбен ауыстырылсын;

"және аттестациядан өтуге тиісті болған әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді" деген сөздер алынып тасталсын;

кіріспе сөздегі "Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді аттестациядан өткізу ережелерін бекіту туралы" 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 327 Жарлығына " деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 280 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі туралы ереженің 9-тармағының 9) тармақшасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта "және аттестациядан өтуге тиіс әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "тестілеуді өткізу жөніндегі нұсқау" деген сөздер "тестілеуден өткізу ережесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықтың 1-қосымшасы осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықтың 2, 3, 4, 6, 7-қосымшаларындағы тақырыптарындағы " және аттестациядан өтуге тиісті болған әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді" деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген бұйрықтың 2, 3-қосымшаларындағы "140 сұрақ" деген сөздер " 150 сұрақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықтың 4, 6-қосымшаларындағы "80 сұрақ" деген сөздер "90 сұрақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықтың 2, 3, 4, 6-қосымшаларда:

"Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) (бұдан әрі - Ар-намыс кодексі)" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

"20 сұраққа" деген сөздерден кейін "және Ар-намысы кодексі бойынша 10 сұраққа" деген сөздермен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықтың 7-қосымшада:

"50 % дұрыс жауаптардан құрылады" деген сөздерден кейін "және Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) бойынша кем дегенде 80 % барлық санаттары үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

2) *Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2008.01.09. N 02-01-02/5 Бұйрығымен.*

3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 21 сәуірдегі N 02-01-02/44 "Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервіне алу үшін кандидаттардың Нұсқау, Тестілеу бағдарламаларын бекіту туралы" бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2828 тіркелген, 2004 жылғы 14 мамырдағы N 38 "Заң газеті" және 2004 жылғы 28 мамырдағы N 42 "Юридическая газета" газеттерінде жарияланған):

т а қ ы р ы п т а ғ ы :

"нұсқау" деген сөз "ереже" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "тестілеуді өткізу жөніндегі нұсқау" деген сөздер "тестілеуден өткізу ережесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервіне алу үшін кандидаттарды тестілеуді өткізу жөніндегі нұсқауда: тақырыптағы "тестілеуді өткізу жөніндегі нұсқау" деген сөздер "тестілеуден өткізу ережесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік саяси қызметтің кадр резервіне алу үшін кандидаттарды тестілеу бағдарламасында:

1 - т а р м а қ т а ғ ы :

бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 328 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелерін (бұдан әрі - қызмет этикасы ережесі)" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелерін) (бұдан әрі - Ар-намыс кодексі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацындағы "Қызмет этикасы ережесі" деген сөздер "Ар-намыс кодексі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Қызмет этикасы ережесі" деген сөздер "Ар-намыс кодексі" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі
агенттігі төрағасының
2005 жылғы 19 мамырдағы
N 02-01-02/65 бұйрығына

1-қосымша

**Аттестациядан өтуге тиіс мемлекеттік әкімшілік
қызметшілерді тестілеуден өткізу ережесі**

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ереже

1. Тестілеуді өткізудің мақсаты - аттестациялануға тиіс мемлекеттік әкімшілік қызметшінің (бұдан әрі - қызметші) Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге және логикалық ойлау қабілетіне әділ баға беру.

2. Тестілеуге мемлекеттік органның аттестациялық комиссиясы бекіткен, тізімге енгізілген қызметшілер жіберіледі, ол жөнінде, мемлекеттік органның кадр қызметі хабардар етеді. Хабарда тестілеудің орны, күні және уақыты көрсетіледі.

3. Тестілеуден өту кезінде шекті мәннен төмен баға алған қызметшінің, алдыңғы тестілеу күнінен 10 күнтізбелік күннен кем емес мерзімнен кейін, қайтадан тестілеуден өтуге құқығы бар.

4. Тестілеуді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің және аумақтық бөлімшелерінің тестілеу администраторлары (бұдан әрі - администратор) өткізеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігімен (бұдан әрі - Агенттік) тестілеу өткізу процесін қамтамасыз ету үшін басқа да мамандар тартылуы мүмкін.

5. Тестілеу барысында Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тесттер және логикалық тест қолданылады.

6. Тестілеу компьютерде өткізіледі.

7. Тестілеуді өткізудің әділдігі жағдайлардың, уақыттың, нәтижелерді есептеудің, тесттердің мазмұнының стандарттылығымен, сондай-ақ администраторлардың сыбайлас жемқорлықты жібермеу әрекеттері туралы жазбаша шектеулерді қабылдауымен қамтамасыз етіледі.

8. Тестілеу 4 кезеңнен тұрады:

- 1) жайда тестілеуге және тестілеу материалдарына дайындық;
- 2) тестілеуді өткізу бойынша қызметшілерге нұсқаулық;
- 3) қызметшілердің тесттерден өтуі;
- 4) қызметшілерге тестілеу нәтижелерін беру.

2. Жайда тестілеуге және тестілеу материалдарына дайындық

9. Тестілеуді өткізу кезінде администратор қызметшілерді нұсқаумен таныстыруға және олардың сұрақтарына жауап беруге тиіс.

10. Тестілеу өткізілетін жай қызметшілердің орналасуына ыңғайлы жағдайға сәйкес болуы керек. Тестілеу уақытында қызметшілердің сөйлесуіне және тестілеу өткізіліп отырған жайдан шығып кетуіне болмайды. Қабылдаушы-тапсырушы электрондық құрылғылар (оның ішінде жеке қалта компьютерлері және өзге де электрондық құрал-жабдықтар) тестілеу кезінде өшірілуі тиіс.

11. Тестілеу басталғанға дейін администратор барлық қажетті материалдарды дайындауы және тексеруі қажет.

3. Тестілеуді өткізу бойынша қызметшілерге нұсқаулық

12. Тестілеу басталар алдында, администратор қызметшілердің тестілеуді өткізу жөніндегі егжей-тегжейлі нұсқаулығын өткізеді. Администратордың кіріспе сөзіне алдағы жөн-жосық туралы, аттестациялау рәсіміндегі тестілеу орнының жөніндегі тұтастай ақпараттар кіреді.

13. Тестілеу сәтінде өзін нашар сезінген қызметшілер бұл жөнінде тестілеу басталғанға дейін администраторға хабарлауы тиіс.

14. Администратор қызметшілердің компьютерді пайдалануға қатысты барлық сұрақтарына жауап береді. Содан кейін администратор тұтастай тесттерді өтуге және жеке әр тестке бөлінген уақытқа баса назар аудара отырып, тест жөніндегі нұсқауды дауыстап оқиды.

15. Нұсқаулықтың соңында қызметшілердің сұрақ қоюларына мүмкіндік беріледі.

16. Администратордың барлық қызметшілердің тапсырманы меңгергендігіне және өздерін қалыпты күйде сезініп отырғандарына көзі жетуі тиіс.

4. Қызметшілердің тесттерден өтуі

17. Логикалық тесттің орындалуына жіберілген жалпы уақыт - 40 минөт, заңнаманы білуге арналған тестке - 115 минөт (150 сұрақ), 85 минөт (110 сұрақ).

18. Қызметшілер Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тестке дейін логикалық тесттен өтеді.

19. Тесттерді орындауға берілген уақыт біткенде, бағдарлама автоматты түрде жабылады.

20. Администратор тестілеу біткеннен кейін қызметшілерге тестке қатысқаны үшін рақмет айтады және аттестацияны өткізудің келесі кезеңін еске салады.

5. Қызметшілерге тестілеу нәтижелерін беру

21. Компьютерде тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу енгізілген компьютерлік бағдарлама көмегімен автоматты түрде есептеледі. Нәтиже принтерде басып шығарылады және танысу үшін қызметшіге беріледі. Қызметші танысқаннан кейін нәтижесі көрсетілген қағазға қол қояды.

22. Логикалық тест және заңнамаларды білуге арналған тесттердің нәтижелері Агенттікте және оның аумақтық бөлімшелерінде бір жыл аралығында сақталады. Тестілеудің нәтижесі туралы ақпарат жиынтық анықтама түрінде рәсімделеді.

23. Тестілеудің нәтижесі туралы жиынтық анықтама құпия сипатта болады және тиісті мемлекеттік органның аттестациялық комиссиясына беріледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі
агенттігі төрағасының
2005 жылғы 19 мамырдағы
N 02-01-02/65 бұйрығына
2-қосымша
**Аттестациядан өтуге тиіс мемлекеттік
өкімшілік қызметшілерді
тестілеу программасы**

Осы бағдарлама тесттің екі түріне: Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге және логикалық ойлауға тағайындалады.

1. А-1, А-2, А-3, А-4, А-5, В-1, В-2, В-3, В-4, В-5, В-6, В-7, С-1, С-2, С-3, С-4, С-5, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-Р-1, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, D-О-3, Е-1, Е-2, Е-Р-1 санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылдың 21 қаңтардағы N 328 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелерін (бұдан әрі - Қызмет этикасы ережесі) білуге арналған 150 сұрақ, сондай-ақ мемлекеттік органның жұмыс ерекшелігін ескере отырып, осы мемлекеттік органмен әзірленетін (және ұсынылатын) нормативтік құқықтық актілерді білуге арналған тестілеу сұрақтары етеді.

2. А-6, А-7, В-8, В-9, С-6, С-7, С-8, С-9, С-10, С-11, С-О-4, С-О-5, С-О-6, С-О-7, С-Р-2, С-Р-3, С-Р-4, С-Р-5, С-Р-6, D-4, D-5, D-6, D-О-4, D-О-5, D-О-6, D-О-7, Е-3, Е-4, Е-5, Е-6, Е-Р-2, Е-Р-3, Е-Р-4, Е-Р-5, Е-Р-6, Е-Г-1, Е-Г-2, Е-Г-3, Е-Г-4, Е-Г-5 санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңын, Қызмет этикасы ережесін білуге арналған 110 сұрақ, сондай-ақ мемлекеттік органның жұмыс ерекшелігін ескере отырып, осы мемлекеттік органмен әзірленетін (және ұсынылатын) нормативтік құқықтық актілерді білуге арналған тестілеу сұрақтары кіреді.

3. Аттестациялануға тиіс мемлекеттік әкімшілік қызметші Қазақстан Республикасы заңдарын білуге тестілеу өткізу кезінде қолданылатын сұрақтар тізбесінен іріктелген, жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрқайсысынан 20 сұраққа және Қызмет этикасы ережесі бойынша 10 сұраққа жауап беруі тиіс.

4. Логикалық тест адамның күрделі жұмысты орындауға іскерлігін және оның зияткерлік әлеуетін сипаттайтын, тез логикалық ойлау қабілетін айқындайды.

5. А-1, А-2, А-3, А-4, А-5, В-1, В-2, В-3, В-4, В-5, В-6, В-7, С-1, С-2, С-3, С-4, С-5, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-Р-1, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, D-О-3, Е-1, Е-2, Е-Р-1 санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге

арналған тестке шекті мән әр нормативтік құқықтық акті бойынша 70% кем емес, басқа санаттар үшін 50% кем емес және барлық санаттар үшін Қызмет этикасы ережесі бойынша 80% кем емес дұрыс жауаптан тұрады.

Логикалық ойлауға шекті мән белгіленбейді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік агенттігі төрағасының
2005 жылғы 19 мамырдағы
N 02-01-02/65 бұйрығына

3-қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік агенттігі төрағасының
2003 жылғы 30 сәуірдегі
N 02-01-02/60 бұйрығына

1-қосымша

Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу ережесі

1. Жалпы ереже

1. Тестілеуді өткізудің мақсаты - бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуда үміткерлердің (бұдан әрі - үміткер) Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге және логикалық ойлау қабілетіне әділ баға беру.

2. Тестілеуге конкурстық комиссияның шешімі негізінде құжаттары қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген үміткерлер жіберіледі, ол жөнінде мемлекеттік органның кадр қызметі хабардар етеді.

3. Тестілеуден өту кезінде шекті мәннен төмен баға алған үміткер, алдыңғы тестілеу күнінен соң үш айдан кем емес мерзімнен кейін, бір және сол бағдарлама бойынша қайтадан тестілеуден өтуге құқығы бар.

4. Тестілеуді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің және аумақтық бөлімшелерінің тестілеу администраторлары (бұдан әрі - администратор) өткізеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігімен (бұдан әрі - Агенттік) тестілеу өткізу процесін қамтамасыз ету үшін басқа да мамандар тартылуы мүмкін.

5. Тестілеу барысында Қазақстан Республикасының заңнамаларын білуге арналған тесттер және логикалық тест қолданылады.

6. Тестілеу компьютерде өткізіледі.

7. Тестілеуді өткізудің әділдігі жағдайлардың, уақыттың, нәтижелерді есептеудің, тесттердің мазмұнының стандарттылығымен, сондай-ақ администраторлардың сыбайлас жемқорлықты жібермеу әрекеттері туралы жазбаша шектеулерді қабылдауымен қамтамасыз етіледі.

8. Тестілеу 4 кезеңнен тұрады:

- 1) жайда тестілеуге және тестілеу материалдарына дайындық;
- 2) тестілеуді өткізу бойынша қызметшілерге нұсқаулық;
- 3) үміткерлердің тесттерден өтуі;
- 4) үміткерлерге тестілеу нәтижелерін беру.

2. Жайда тестілеуге және тестілеу материалдарына дайындық

9. Тестілеуді өткізу кезінде администратор үміткерлерді нұсқаумен таныстыруға және олардың сұрақтарына жауап беруге тиіс.

10. Тестілеу өткізілетін жай үміткерлердің орналасуына ыңғайлы жағдайға сәйкес болуы керек. Тестілеу уақытында үміткерлердің сөйлесуіне және тестілеу өткізіліп отырған жайдан шығып кетуіне болмайды. Қабылдаушы-тапсырушы электрондық құрылғылар (оның ішінде жеке қалта компьютерлері және өзге де электрондық құрал-жабдықтар) тестілеу кезінде өшірілуі тиіс.

11. Тестілеу басталғанға дейін администратор барлық қажетті материалдарды дайындауы және тексеруі қажет.

3. Тестілеуді өткізу бойынша үміткерлерге нұсқаулық

12. Тестілеу басталар алдында, администратор үміткерлердің тестілеуді өткізу жөніндегі егжей-тегжейлі нұсқаулығын өткізеді. Администратордың кіріспе сөзіне тестілеудің алдағы жөн-жосығы іріктеу рәсіміндегі тестілеудің орны жөніндегі тұтастай ақпараттар кіреді.

13. Тестілеу сәтінде өзін нашар сезінген үміткерлер бұл туралы тестілеу басталғанға дейін администраторға хабарлауы тиіс.

14. Администратор үміткерлердің компьютерді пайдалануға қатысты барлық сұрақтарына жауап береді. Содан кейін администратор тұтастай тесттерді өтуге және жеке әр тестке бөлінген уақытқа баса назар аудара отырып, тест жөніндегі нұсқауды дауыстап оқиды.

15. Нұсқаулықтың соңында үміткерлердің сұрақ қоюларына мүмкіндік беріледі.

16. Администратордың барлық үміткерлердің тапсырманы меңгергендігіне және өздерін қалыпты күйде сезініп отырғандарына көзі жетуі тиіс.

4. Үміткерлердің тесттерден өтуі

17. Логикалық тесттің орындалуына жіберілген жалпы уақыт - 40 минөт, заңнамаларды білуге тестке - 115 минөт (150 сұрақ), 85 минөт (110 сұрақ).

18. Қызметшілер заңнамаларды білуге арналған тестке дейін логикалық тесттен өтеді.

19. Тесттерді орындауға берілген уақыт біткенде, бағдарлама автоматты түрде жабылады.

20. Администратор тестілеу біткеннен кейін үміткерлерге тестке қатысқаны үшін рақмет айтады және конкурстық іріктеуді өткізудің келесі кезеңін еске салады.

5. Үміткерлерге тестілеу нәтижелерін беру

21. Компьютерде тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу енгізілген компьютерлік бағдарлама көмегімен автоматты түрде есептеледі. Нәтиже принтерде басып шығарылады және танысу үшін үміткерге беріледі. Үміткер танысқаннан кейін нәтижесі көрсетілген қағазға қол қояды.

22. Логикалық тест және заңнамаларды білуге арналған тесттердің нәтижелері Агенттікте және оның аумақтық бөлімшелерінде бір жыл аралығында сақталады. Тестілеудің нәтижесі туралы ақпарат жиынтық анықтама түрінде рәсімделеді.

23. Тестілеудің нәтижесі туралы жиынтық анықтама құпия сипатта болады және тиісті мемлекеттік органның конкурстық комиссиясына беріледі."